

Редакциялық кеңес:

Төраға: О.О. Сүлейменов

Жауапты редактор: Н.С. Исаева

Редакциялық кеңестің мүшелері:

С.Ә. Әшімова, И.В. Крупко, Л.К. Байпакова, В.Г. Толмачев, Ә.М. Есполова

Е 22 «ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢҒЫРТУҒА БІРІКТІРЕТІН БЕТТЕР» Абайдың 180 жылдығына және Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына орай «БІЛІМ САПАСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ» Еуразия елдерінің педагогтарына арналған IV Халықаралық Жазғы мектеп – Алматы: Guppy Print, 2025. – 186 б.

ISBN 978-601-7217-54-9

2025 жылғы 12-14 тамыз аралығында Алматы қаласында өткен Еуразия елдерінің педагогтеріне арналған «ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ЖАҢҒЫРТУҒА БІРІКТІРЕТІН БЕТТЕР» Абайдың 180 жылдығына және Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабының 50 жылдығына орай өткен «БІЛІМ САПАСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТЕРДІ ЖАҚЫНДАСТЫРУ» Еуразия елдерінің педагогтарына арналған IV Халықаралық жазғы мектебінде сөз сөйлеген спикерлердің мақалалар жинағы. Спикерлер білім беру процесін жетілдіру және білім беру сапасын арттыру бойынша өзара пайдалы ынтымақтастықты дамыту үшін тиімді коммуникацияларды жолға қою, білім алмасуды, әріптестік және мәдениеттерді жақындастыру мақсатында инновациялық идеялар мен әдістемелерді ұсынды.

Сборник статей спикеров на основе материалов выступлений на IV Международной Летней Школе для педагогов стран Евразии «КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И СБЛИЖЕНИЕ КУЛЬТУР», посвященная 180-летию Абая и 50-летию книги Олжаса Сулейменова «Аз и Я» «СТРАНИЦЫ, ЧТО ОБЪЕДИНЯЮТ: К ВОЗРОЖДЕНИЮ КУЛЬТУРЫ ЧТЕНИЯ» в г. Алматы. Спикерами представлены инновационные идеи и методики с тем, чтобы наладить эффективные коммуникации, обмен знаниями, партнерство и сближение культур для развития взаимно полезного сотрудничества по совершенствованию образовательного процесса и повышению качества образования.

ПЕТРОГЛИФТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАСЫ

Аңдатпа: Мақалда петроглифтерді зерттеудегі әдіс-тәсілдердің деректерімен жұмыс жасаудың жаңа тәсілдерін қарастыруға арналған. Бұл мақаланың мақсаты петроглифтерді зерттеу барысындағы ғылыми жұмыстарды талдау және оны тиімді бағыттарда саралау. Мақаланың өзектілігі ретінде петроглифтерді зерттеудегі ғылыми жұмыс мәселелері, және олардың салыстырмалы түрде жүйелеу жолдары қарастырылған.

Петроглифтермен жұмыс жасау арқылы біз тарихқа терең болжам жасай аламыз деп те айта аламыз. Шет елдегі петроглифтерді зерттеуші ғалымдардың деректерінен үзінділер беру арқылы тақырыптың ғылыми маңыздылығын арттыра алады. Ғылыми еңбектерді оқу процесінде қолдану да қазіргі таңда өте маңызды. Тарихи оқиғалардың петроглифтермен тығыз байланыста екенін біз осы зерттеулер арқылы біле аламыз. Бұл мақалада петроглифтерді зерттеуші ғалымдардың еңбектері мен жұмыс жасау барысында батыс елдерінің әдіс-тәсілдерінде қарастырдық. Шет елдегі ерекшеліктерді және оларды қолдану барысы талданған. Мақала арқылы тарихи-ғылыми жұмыс жасаудың маңыздылығын және петроглифтерді зерттеу барысындағы ерекшеліктер мен ұқсастықты анықтай аламыз.

Түйін сөздер: петроглиф, ЮНЕСКО, тарих, әдіс-тәсілдер.

Кіріспе

Петроглифтерді зерттеу қазіргі таңда маңызды тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында. Жазу, сызу қалыптаспаған көне кезеңдер мен кейінгі кезең дердегі тұрғындардың наным-сенімдері туралы ақпарат беретін дерек көзі болып саналауда. Осыған орай, оларды тек сурет немесе қарапайым өнер туындысы деп емес, тарихи дерек көзі ретінде қарастыру басты назарға алынуда.

Жартастағы суреттер өткен замандарда қалыптасып, бүгінгі күнге дейінгі сақталыған сурет салу өнерінің бірі. Петроглифтердің көп бөлігі ағымдағы жылдары көптеп зерттеліп, ежелгі тайпалардың көркемдік мәдениеттері мен дәстүрлері қарастырылып анықталуда.

Жартас суреттерінің кешенді орындары жөнінен Қазақстан мен Еуразия аймағындағы алдыңғы қатарлы орындардың біріне ие. Бүгінгі күні түрлі тарихи кезеңдерді қамтитын көптеген жартас суреттері салынған тарихи археологиялық аймақтар болып табылады.

Соның ішінде ерекше тілге тиек ретінде айтатын Қазақстан аумағында таулы аймақтардағы жартастарда петроглифтер көптеп кездесуде. Алайда, олардың барлығы түгелдей зерттеліп, құжаттандырылып есепке алынды, деп айтау қыйындау болып тұрғандығы белгілі. Дегенмен де бұл ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы, жартастағы суреттердің кезеңделуі, олардың семантикалық мазмұны, суреттерді салу тәсілдері сияқты бірнеше теориялық мәселелерді қарастырған жөн болады. (Самашев З. 2006).

Жартастарға қашап салған петроглифтерді қазіргі таңда зерттеу жұмыстары мен олардың мағынасын анықтау басты мәселелердің бірі болуда. Себебі жартастағы суреттерді археологиялық тарихи дерек ретінде қарастырмастан бұрын, олардың

дерек көзі ретіндегі ғылыми жүйеленуін бақылап, зерттеу нәтижелеріндегі дұрыстығын қарастыру қажеттілігі туындауда.

Жартастағы суреттерді зерттеулер ғалымдардың петроглифтер туралы еңбектерінде көрініс тапқаны мен, қазіргі таңда зерттеу жұмыстарының толық жүйеленген ғылыми еңбектер өте аз кездеседі.

Жетісу өңірі бүкіл Еуразия құрлығы аумағындағы петроглифтер таралуының ірі орталықтарының бірі және соның ішінде ерекше атап көрсетуге болатын Шу-Іле тауларының сілемінде орналасқан ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне кірген бірегей ескерткіш Таңбалы жартас ескерткіштері.

Жартас суреттерінің салынған аймақтарына қарай, табыну орталықтарыда салынған суреттер мен тік жар қабақтарына салынған суреттердің өзгешеліктерін ажыратуға болады. Сонымен қатар шатқалдардағы жартастарға салынған суреттердің топтастырыла орналастырылуы мен саны жағынан да ерекшеленеді. Зерттеуші ғалымдардың болжамы бойынша жартастағы суреттердің кейбіреулері ерекше құрметтелетін өнер туындысы болып есептеледі.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері

Жартастағы суреттерді кезеңделуінің әдіс-тәсілдері негізгі зерттеу жүйесі болуда. Көп кездесетін, әдіс-тәсілдердің бірі ретінде жартастағы бейнелердің салыну уақыты мен оларды хронологиялық жағынан байланыстыру арқылы жүйелеу болып табылады.

Ғылыми зерттеу кезеңінде көптеген ашылмаған жағдайлардың бірі жартастағы бейнелердің көркемдік бағыттағы жүйелері. Тарихи археологиялық ескерткіштерді зертеу кезінде жартастағы бейнелер қола дәуірі кезеңінен бастау алатын Таңбалылық, Құлжабасылық, Ешкіөлместік атауларды кездестіруге болады. Басым көпшілігі көне тарихи археологиялық ескерткіштерде нақты айтылатындығы кездеседі. Жартастағы бейнелердің бір кезеңде салынғандығына қарамастан, әрбір бейнелердің салыну тәсілдері мен мән-мағыналары әр түрлі болып келеді. Мысалы, бір кезеңді қамтитын Таңбалыдағы күн басты бейнесі және түкті киім киген адам бейнелері Баянжүрек шатқалындағы жартастағы бейнелерінен айырмашылығы басымырақ екендігі білінеді.

Зерттеушілердің болжамы бойынша жартастағы суреттердің негізгі ерекшеліктері орналасқан табиғи ландшафтқа және сол жердің сурет салынған жартастарының ерекшелігіне байланысты екендігі анықталған.

Зерттеу жұмыстары арқылы жартас суреттерінің археологиялық, тарихи және мәдени ақпараттық мазмұны бар материалдық және рухани құндылықтар жүйесі зерттелінеді.

Ерте кезеңдерде жартастағы суреттерді салу үшін екі тәсіл қолданылған, осы тәсілдер бойынша боялған петроглифтерді жасау үшін екі әдіс петроглифтік және пиктографиялық әдістер қолданылғандығы бойынша көптеген мысалдар бар. Солардың бірі қолданыстағы әдіс, өсімдік бояуы мен белгілі жартас бетіне саусақпен немесе ағашпен, арнайы құралдармен бояу арқылы, яғни жағу арқылы сурет салу-тәсілі бұл пиктография болса. Ал жартас бетіне арнайы құралдар арқылы терең қашап салу-тәсілі бұл петроглиф болып есептеледі. Кейінгі кезеңдердегі сызба арқылы салу тәсілдерін де кездестіруге болады.

Америка Құрама Штатының зертеуші ғалымдары жартас суреттерін яғни таңбаларды ғылыми зерттеумен де айналысқан. Ғалымдардың жұмыстарының басты нәтижелері жартас суреттері яғни Таңбалы тастардың шоғырланған ландшафтыларын жаһандық экологиялық қорғау және петроглиф не үшін салынды сонымен қатар қандай мағыналар береді деген бағытта болған.

Америка Құрама Штатының археологтарының бағалауы бойынша өз өңірлеріндегі петроглифтердің 90 пайызы бүгінгі Пуэбло халқының ата бабалары салып кеткен деп есептеген. Пуэблондар Рио-Гранде алқабында б.з. 500 жылға дейін өмір сүрген, бірақ шамамен 1300 жылы халықтың өсуі көптеген жаңа қоныстарға өзгерістерге әкелген делінген. Петроглифтердің көпшілігі шамамен 1300 жылдан 1680 жылдардың аяғына дейін ойылып, қашап салынған деп есептеген. (Крессман, Лютер С. 1964).

Америка Құрама Штатының ұлттық саябағының ғылыми қызметкерлерінің айтуынша, петроглифтер, пиктографиялар және жартас өнері арасындағы айырмашылықтар әрқашан оңай байқалмайды өзара айырмашылығын ажырату да оңайға түспейтіндігін айтып өткен. Зерттеуші ғалымдар «Пиктографияны» жартастарға немесе үңгірлерге сурет салу арқылы жасалған кескіндер мен өрнектер деп анықтайды. Суреттің бұл түрін жоғарыда айтылғандай өсімдіктер мен минералдар ұсақталып, сұйықтықтармен араластырылып содан кейін таяқшалармен, саусақтармен, немесе қолдарымен жалпақ тастың бетіне жағу арқылы салған. Мұндай өнер туындыларының нәзіктігіне байланысты уақыт пен табиғи жағдайлардың әсерінен жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға бірнеше пиктографиялар ғана сақталады деген. (Диге, Леон, 1995).

Осыған орай ғасырдан-ғасырға ашық аспан астында сақталып келе жатқан жартастағы суреттердің қазіргі таңдағы сақталу деңгейі көптеген табиғи факторларға ұшырап бүгінгі күнге жеткендігін біле аламыз.

Нәтижелер мен талдаулар.

Жартас өнері бұл петроглифтерге де, пиктографияларға да жиі қолданылатын жалпы термин, бірақ көптеген зерттеуші ғалымдар бұл терминдерді сирек қолданады. Пиктографиялар мен петроглифтер арасында айқын айырмашылықтар болманы мен, олардың арасында шатасулар бүгінгі күнге әлі де жалғасуда. Жартасқа сурет салудың екі тәсілі туралы білімнің жетіспеушілігінен басқа, боялған петроглифтерді жасау үшін екі әдіс яғни петроглифтік және пиктографиялық әдістер қолданылғаны бойынша көптеген мысалдарды кездестіруге болады.

Сондай ақ, шет елдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарына тоқтала кетсек француз ғалымы Андреа Х. Жапптың зерттеу жұмыстары бойынша Францияда 20-дан астам кітабы жарық көрген екен. Қазіргі таңда ол петроглифтерді зерттеумен де айналысып талдаулар жүргізген.

Петроглифтер бойынша ол өздерінің барлық талдауларын алғашқы петроглифтердің шамамен 12000 жыл бұрын плейстоценнен, голоценге өтпелі кезеңде жасалғанын және мыңдаған жылдар мен ғасырлар бойы бұрынғы халықтар соңғы кезеңдерге дейін бірнеше рет жаңартылғанын көрсетеді деп түсіндіреді. Тәсілдер мен амалдарды кең ауқымды тұтастай алғанда, зертеуші ғалым мен оның жұбайы зерттелетін нысандарда сызықтық геометриялық өрнектерден ғылыми атауы

антропоморфтар деп аталатын үлкен адам тәрізді тіршілік иелерінің бейнелеріне дейінгі стильдер мен мотивтердің кең ауқымын атап көрсеткен.

Солтүстік Америка кеңістігінде зерттеу нәтижелерін ғалым «Олардың әдістерін жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар мен байланыстырған. Бұл жартастар өнерінің көптеген элементтерінің мерзімі мен жасын анықтау мен бағалауға мүмкіндік береді және ең аз күш жұмсап, ең бастысы негізгі үлгілерді бұзбай – ақ жасалды», деп қортындылайды. Қазіргі таңда ғалым Сауд Арабиясына одан әрі экспедициялар жоспарлап отырғандығын жазған. Оның айтуы бойынша онда көптеген петроглифтер сақталған. (Meinrat, Andreae, 2022).

Сонымен қатар Шу-Іле тауларының орталық және оңтүстік аумақтарын қамтитын алғашқы ғылыми экспедицияларды 1880 жылдары орыс ғалымдары, сондай-ақ облыстық әкімшіліктің қызметкерлері арасынан арнайы өлкетанушы тарихшы мамандар жүргізген.

Жартастағы өнер ескерткіштері бұл біртұтас ландшафтыда шоғырланған петроглифтер мен басқа да археологиялық нысандардың кешендерін құрайды. Мұндай ескерткіштердің шекаралық аймақтары табиғи ландшафты ежелгі адамдардың тіршілік ету ортасы мен қызметінің барлық іздерін байқауға мүмкіндік береді. Басқа археологиялық нысандар мен (елді мекендер, қорымдар, жолдар және т.б.) бірге жартастағы бейнелер табиғи ландшафтта ежелгі қауымдастықтардың өмір сүру тәсілін, олардың қоршаған ортамен байланысын және тарихтың белгілі бір кезеңіндегі әлеуметтік техникалық даму деңгейіне байланысты оның жекелеген копонттерінің функционалдық маңыздылығын жанама түрде көрсетеді.

Егер де ежелгі дәуірлерде жартастағы суреттердің басқа археологиялық нысандармен кеңістік және уақыттық байланысы тіркелмеген болса, бұл көбінесе ол ескерткіштердің әлі зерттелмеген, яғни ашылмағандығын білдіреді. Петроглифтердің орналасқан ландшафтымен кеңістіктегі уақыттық кезеңделуіне байланысты анықтау.

Сондай ақ петроглифтерді салған адамдардың мәдениетіндегі жартастағы бейнелеу іс-әрекетінің орнын анықтау зерттеушілердің өзекті міндеттерінің бірі екендігін көрсетеді.

Жартастар өнері пайда болғаннан бері табиғи ортаның жағдайына мәдени бейімделу пішіндері өзгерген, қоршаған ортаның, климаттың өзгеруіне және адамдардың қауымдастық шаруашылық түріне байланысты қоғамның сипаты да өзгеріске ұшыраған бейнелер де бар. Негізінен аңшылар, балықшылар мен шаруалар, отырықшы бақташылар мен көшпенділер болған.

Ежелгі жартастағы бейнелер мен композициялар кейінгі кезеңдерде басқаша қабылдануы мүмкін болды және өзгерген құндылықтар мен көркемдік дәстүрлерге сәйкес өзгертілуі мүмкіндігі басымырақ кездеседі, сонымен қатар жартастардың беттерінде жаңа бейнелер де пайда бола бастаған, ежелгі петроглифтерге жаңарту немесе өзгерістер енгізілгендігін де байқауға болады.

Жартастағы суреттер бар аймақтарды сақтап қорғау нәтижелерінде ұзақ уақыт бойы сақталды, бірақ сонымен бірге адамдардың идеялары мен олардың әдет-ғұрыптары қалай өзгергені мен, уақыт өте келе көз қарас та жиі өзгеріске ұшырап отырды. Жартастарда бейнелердің заманауи тәжірибесінің болмауы, әдетте мәдени

алшақтықпен байланысты немесе дәстүрлі өмір салтын сақтайтын топтардың өміріндегі жартас өнерінің маңыздылығының төмендеуін көрсететіні анық.

Жартастағы суреттердің шоғырланған аймақтары, әдетте, таулы ландшафттардың көрнекті жерлерінде орналасқан: төбелер мен төбелердің беткейлеріндегі жартастарда, кіші және үлкен өзендердің жартасты жағалауларында, тау асуларында және көшпенділердің қысқы немесе жазғы қоныстану орындарының жанында, бір сөзбен айтқанда әртүрлі аймақта, бірақ ландшафттық қоршаған жерлерде айтарлықтай басымырақ байқалады. Басым көпшілігі петроглифтер бар тау жыныстары сыртқы түрімен, су көздерінің жақындығы мен немесе басқа табиғи ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Бұл жерлердегі ескерткіштер алыстан байқалады, олармен жергілікті дәстүрлер мен аңыздар тығыз байланыста және олар көбінесе «қасиетті орындар» ретінде құрметтеледі.

Петроглифтер бар ландшафттар көбінесе дәстүрлі мал шаруашылығының табиғи аймақтарында көптеп кездеседі көбінесе петроглифтер таулы жерлерде, шөпке бай дала жайлымдарына немесе таулы жайлауға баратын жолдарда қоныс аударған кезде рельефті бағдарлау үшін маңызды белгілер ретінде қызмет атқарған. Қазіргі заманғы малшылар, петроглифтермен белгіленген төбелердің шыңдарына, «Оба» арнайы белгі тастан жасалған бұйымдарды тұрғызуы кездейсоқ емес, және әрқашан шөптер мен суға бай жайлымдарға табындар мен қозғалудың ең қолайлы жолдарын белгілейтін жер бедерінде кездеседі. (Бейсенов А.З, Марьяшев А.Н. 2014).

Аймақтардағы жартас өнері мен бейнелеу өнері ғасырлар бойғы ежелгі және қазіргі халықтар дәстүрін білдіреді. Орталық Азияның жартас өнерінің тарихи кезеңдерінде адамды қоршап тұрған ландшафтта петроглифтерді салу тәжірибесі экономикалық жағдайдың өзгеруіне, аусымына қарамастан, үзіліс жасамады яғни сурет салу тәсілдері жалғасын табуда болды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда жартас өнері бейнелеу өнерінің ең көне түрлеріне жатады, ал гравюралар жартастарда немесе бояумен жасалған суреттер ескі және жаңа барлық континенттерде кездеседі. Дүние жүзіндегі ескерткіштердің алуан түрлілігі мұның жан-жақтылығын көрсететін мәдени құбылыс, оның көріністерінің ерекшелігі туралы, олардың бір жартастағы құбылыс Орталық Азия өнері (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, сондай-ақ оңтүстік Сібір және субконтиненттің басқа аймақтары).

Орталық Азия аймағының жартас өнерінің ескерткіштері ұзақ уақытқа созылғанына қарамастан өз зерттеулерінің әлемде өзіндік орны бар. Тек қазіргі кезеңдерде археологиялық тарихи мұраның осы түрінің көрнекті құндылығын түсіну оларды ілгерлету міндеттері мен ұштастырылды. Сонымен қатар ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемдік мұралар тізімі, сонымен бірге көптеген әдістемелік шешімдермен, ғылыми-практикалық және ұйымдастырушылық мәселелерінде қарастырылған. Олардың бірі ғылыми көзқарасты таңдау археологиялық тарихи мұраның осы түрін одан ары зерттеу және сақтау болып келеді. Бұрынғы петроглифтерді зерттеу тәсілдері қазіргі жағдайда зерттеу принциптері мен әдістерін жүргізу тәсілдерін де жарамсыз болып табылады, күрделі міндеттерді орындау үшін осы құбылысты терең зерттеу және

салыну кезеңдерін анықтау аймақ ескерткіштерінің құндылықтарын зерттеу мен тығыз байланыста.

Қазіргі таңда жартастағы өнер ескерткіштерін біртұтас қарастыру зерттеу Орта Азиядағы мәдени ландшафттардағы тарихи археологиялық ескерткіштер мен мәдени мұраны сақтау принциптерімен және негізгі ЮНЕСКО Конвенциясының анықтамалары (1972) және оны орындау жөніндегі Нұсқаулық (Operational Guidelines), бүгінгі таңда оларды тұрақты сақтау мен өркениетті басқаруға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Бейсенов А.З., Марьяшев А.Н. Петроглифы раннего железного века Жетысу. – Алматы, 2014. – 154 с.
2. Диге, Леон. 1995 «Бас-Калифорния пиктографиясына назар аударыңыз». Антропология 6: 160-175.
3. Meinrat O. Andreae T. A. «Солтүстік Американың солтүстік-шығыс бассейніндегі төрт жердегі жартас өнеріне археологиялық зерттеу». Pos Online, 1/2022.
4. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы: «Өнер», 2006. – 200 с.
5. Cressman, Luther S., *The Sandal and the Cave*, Department of Anthropology, University of Oregon, Beaver Books, Portland, Oregon, 1964, pp. 21-22.

